

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫНЫҢ
АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ**

2018 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША

АЛМАТЫ 2018ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫНЫҢ 2018 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ

ОСЫ ШОЛУДЫҢ МАҚСАТЫ

Осы шолу Қазақстан Республикасының сақтандыру секторының даму динамикасын және елдегі экономикалық жай-күйіне әсерін көрсетуге бағытталған.

СИПАТТАМА

Шолу сақтандыру секторының көрсеткіштеріндегі негізгі өзгерістерді көрсететін кестелер мен графиктер, сондай-ақ сипаттамалық бөлігі түрінде берілген:

- Активтердің құрылымын сипаттау;
- Міндеттемелердің құрылымын сипаттау;
- Сақтандыру сыйлықтарының құрылымын сипаттау;
- Сақтандыру төлемдерінің құрылымын сипаттау;
- Қайта сақтандыру қызметін сипаттау;
- ҚР сақтандыру секторының пруденциялық нормативтерін орындауын сипаттау;
- Сақтандыру секторының кірістілігін сипаттау;

Көлемі: 13 бет

Кесте саны: 10

График саны: 9

Кезеңділігі: ай сайынғы жаңарту

МАЗМҰНЫ

01.01.2018ж. ҚР сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері	4
I. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ	6
1-кесте. Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығының құрылымы	6
II. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫНЫҢ АКТИВТЕРІ	6
2-кесте. ҚР сақтандыру секторының жиынтық активтерінің құрылымы.....	6
III. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫНЫҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ	7
3-кесте. ҚР сақтандыру секторының жиынтық міндеттемелерінің құрылымы	7
1-график. Активтердің, меншікті капиталдың және сақтандыру резервтерінің динамикасы	7
IV. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫНЫҢ МЕНШІКТІ КАПИТАЛЫ	8
2-график. ҚР сақтандыру секторының балансы бойынша меншікті капиталының құрылымы	8
V. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫЛАРЫ	8
4-кесте. Сақтандыру сыйлықақыларының түсімі	8
3-график. Токсан үшін сақтандыру сыйлықақыларының динамикасы	9
5-кесте. Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсімі	9
4-график. Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының динамикасы.....	9
5-график. «Өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру сыйлықақылары түсімінің құрылымы, %.....	10
6-график. «Жалпы сақтандыру» саласы бойынша түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымы, %	10
VI. ҚАЙТА САҚТАНДЫРУ	10
6-кесте. Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының құрылымы және қайта сақтандырушының өтемдері.10	
7-график. Елдер бойынша қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының үлесі, %	10
VII. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІ	11
7-кесте. Сақтандыру төлемдерінің құрылымы	11
8-график. Сақтандыру төлемдерінің динамикасы	11
9-график. Сақтандыру төлемдерінің сақтандыру сыйлықақыларына арақатысы.....	12
VIII. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ	12
8-кесте. Сақтандыру қайта сақтандыру ұйымдарының кірістері мен шығыстары.....	12
IX. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫНЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛУЫ	13
9-кесте. Сақтандыру секторының макроэкономикалық көрсеткіштері.....	13
10-кесте. Сақтандыру секторының шоғырлануы, %	13
X. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ БРОКЕРЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІ	13

01.01.2018ж. ҚР сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері

Сақтандыру секторы 32 сақтандыру ұйымымен көрінеді, оның ішінде 7 – өмірді сақтандыру бойынша.

Активтер

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының **активтері** 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 926 653 млн. теңге (2017 жылдың басында – 853 627 млн. теңге), 2017 жылдың басынан артуы – 8,6%.

Активтердің құрылымында ең үлкен үлесін (жиынтық активтердің 45,8%) 424 819 млн.теңге сомасындағы **бағалы қағаздар** (2017 жылдың басында – 372 530 млн.теңге), 2017 жылдың басынан артуы – 14,0%.

Екінші деңгейдегі банктерде орналастырылған **салымдар** жиынтық активтердің 22,3 % үлесімен 206 527 млн.теңге болады (2017 жылдың басында – 225 779 млн.теңге немесе жиынтық активтердің 26,4%), 2017 жылдың басынан кемуі – 8,5%.

Қайта сақтандыру активтері 110 384 млн.теңге болады жиынтық активтердің үлесі 11,9% (2017 жылдың басында – 108 214 млн. теңге немесе жиынтық активтердің 12,7%), 2017 жылдың басынан артуы – 2,0%.

Міндеттемелер және резервтер

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша **міндеттемелері** 513 654 млн. теңге (2017 жылдың басында – 456 610 млн. теңге), 2017 жылдың басынан артуы – 12,5%.

Міндеттемелердің құрылымында ең үлкен үлесті (жиынтық міндеттемелердің 89,6%) 460 489 млн. теңге сомасындағы **сақтандыру резервтері** иеленеді (2017 жылдың басында – 414 670 млн. теңге), 2017 жылдың басынан артуы – 11,0%.

Сақтандыру сыйлықақылары

Сақтандыру сыйлықақыларының 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша көлемі 2016 жылғы 1 қаңтардағы осыған ұқсас көрсеткішпен салыстырғанда 3,72%-ға артқан және 370 174 млн. теңге болды, олардың тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі – 332 012 млн. теңге.

Сақтандыру сыйлықақыларының негізгі үлесі ерікті мүліктік сақтандыру (сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемі 172 159 млн. теңге немесе 46,5%).

Міндетті сақтандыру бойынша 96 783 млн. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі 26,1%, ерікті жеке сақтандыру бойынша – 101 231 млн. теңге немесе 27,3%.

"Өмірді сақтандыру" саласы:

"Өмірді сақтандыру" саласы бойынша 2017 жылда жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 66 205 млн. теңге, бұл 2016 жылмен салыстырғанда 18,8%-ға көп. Жиынтық сақтандыру сыйлықақыларындағы «өмірді сақтандыру» саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі 2017 жылы 17,9%, 2015 жылғы 1 қаңтардағы 15,6% болды.

"Жалпы сақтандыру" саласы:

"Жалпы сақтандыру" саласы бойынша 2017 жылда жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 303 969 млн. теңге, бұл 2016 жылмен салыстырғанда 0,9%-ға көп.

Қайта сақтандыру

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 129 737 млн. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 35,0%-ы болды. Бұл ретте Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінен 84,1% қайта сақтандыруға берілді.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 38 162 млн. теңге болды. Бұл ретте Қазақстан Республикасының бейрезиденттерінен қайта сақтандыруға қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 17 664 млн. теңге болды.

Қайта сақтандыру шарттары бойынша алынған тәуекелдер бойынша өтем 7 915 млн. теңге немесе қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының 6,1%-ы болды.

Сақтандыру төлемдері

2017 жылы жүргізілген **сақтандыру төлемдерінің** жалпы көлемі (қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерін шегергенде) 73 094 млн. теңге болды, бұл 2016 жылмен салыстырғанда 11,9%-ға аз.

2017 жылы жүргізілген сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасының ең үлкен үлесін ерікті жеке сақтандыру – 43,9%, міндетті сақтандыру – 39,6% және ерікті мүліктік сақтандыру – 16,5% құрайды.

Меншікті капитал жеткіліктігі

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының **төлем қабілеттілігінің нақты маржасы** 322 385 млн. теңге (2017 жылдың басында – 279 759 млн. теңге) мөлшерінде қалыптасқан, 2017 жылдың басынан артуы – 15,2%. Сақтандыру секторының төлем қабілеттілігінің нақты маржасының жеткіліктік нормативі 5,48 (2017 жылдың басында – 5,00) құрайды.

Өтімділігі жоғары активтер 657 782 млн. теңге немесе активтердің 71,0 % (2017 жылдың басында – 580 716 млн. теңге), 2017 жылдың басынан артуы – 13,3%.

Сақтандыру секторының кірістілігі

2017 жылы сақтандыру секторының таза пайдасы 57 228 млн. теңге құрады, ол 2016 жылмен салыстырғанда 15,9% төмен.

Жиынтық активтер бойынша таза пайдасының арақатысы (ROA) 6,5% болды.

Баланс бойынша меншікті капиталға таза пайдасының арақатысы (ROE) 14,0% болды.

Макроэкономикалық көрсеткіштер

Сақтандыру секторы активтерінің ЖІӨ үлесі 1,79% болады;

Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ үлесі – 0,71%;

Сақтандыру сыйлықақыларының адам басына шаққандағы арақатысы – 20 387,3 теңге.

Шоғырландыру

Бірінші ондықтағы сақтандыру компанияларының жиынтық активтеріндегі үлесі 75,4%;

Бірінші ондықтағы сақтандыру компанияларының жиынтық меншікті капиталындағы үлесі 76,6%;

Бірінші ондықтағы сақтандыру компанияларының жиынтық сақтандыру сыйлықақыларындағы үлесі 59,9%;

Бірінші ондықтағы сақтандыру компанияларының жиынтық сақтандыру төлемдеріндегі үлесі 57,3%.

I. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

1-кесте. Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығының құрылымы

Сақтандыру секторының құрылымы	01.01.2017	01.01.2018
Сақтандыру ұйымдарының саны	32	32
<i>оның ішінде өмірді сақтандыру бойынша</i>	7	7
Сақтандыру брокерлерінің саны	15	16
Актуарийлердің саны	59	59*
«Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-тың қатысушысы болып табылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының саны	22	22
ҚР бейрезиденті сақтандыру ұйымдары өкілдерінің саны	3	3

*Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары 14.12.2017ж. № 459 бұйрығына сәйкес Жаннат Туребековна Расиловаға актуарлық қызметті жүзеге асыруға берілген 2010 жылғы 10 қыркүйектегі № 2.4.73 лицензияның қолданылуы тоқтатылды.
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 471 бұйрығына сәйкес Буряк Андрей Николаевичқа актуарийлік қызметті жүзеге асыруға лицензия берілді.

II. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫНЫҢ АКТИВТЕРІ

2-кесте. ҚР сақтандыру секторының жиынтық активтерінің құрылымы

Көрсеткіштің атауы/күн	01.01.2017*		01.01.2018		Жылдың басынан өзгерістері, %-бен
	млн. теңге	жиын-тығында %-бен	млн. теңге	жиын-тығында %-бен	
Ақша	39 512	4,6	42 053	4,5	6,4
Орналастырылған салымдар	225 779	26,4	206 527	22,3	-8,5
Бағалы қағаздар	372 530	43,6	424 819	45,8	14,0
"Кері РЕПО" операциясы	22 393	2,6	52 891	5,7	136,2
Сақтанушылар мен делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары	29 691	3,5	31 573	3,4	6,3
Негізгі қаражат	13 988	1,6	18 914	2,0	35,2
Қайта сақтандыру активтері	108 214	12,7	110 384	11,9	2,0
Өзге дебиторлық берешек	15 315	1,8	14 560	1,6	-4,9
Басқа активтер	26 207	3,1	24 931	2,7	-4,9
Активтердің барлығы	853 627	100,0	926 653	100,0	8,6

*сомасы аудиттелген деректер бойынша көрсетілген


III. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫНЫҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

3-кесте. ҚР сақтандыру секторының жиынтық міндеттемелерінің құрылымы

Көрсеткіштің атауы/күн	01.01.2017*		01.01.2018		Жылдың басынан өзгерістері, %-бен
	млн. теңге	жиынтығында %-бен	млн. теңге	жиынтығында %-бен	
Сақтандыру резервтері, оның ішінде:	414 670	90,8	460 489	89,6	11,0
<i>Еңбек сіңірілмеген сыйлықақы резервтері</i>	129 041	28,3	133 333	26,0	3,3
<i>Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша орын алмаған шығындардың резерві</i>	12 704	2,8	13 962	2,7	9,9
<i>Аннуитет шарттары бойынша орын алмаған шығындардың резерві</i>	129 202	28,3	157 368	30,6	21,8
<i>Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындардың резерві</i>	50 942	11,2	56 249	11,0	10,4
<i>Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың резерві</i>	92 781	20,3	99 577	19,4	7,3
Алынған қарыздар	337	0,1	277	0,1	-17,8
Қайта сақтандырушылармен есеп айырысу	12 443	2,7	14 826	2,9	19,2
Сақтандыру (қайта сақт.) қызметі бойынша делдалд. есеп айырысу	2 669	0,6	3 094	0,6	15,9
Сақтандыру (қайта сақт.) шарттары бойынша төленетін шоттар	2 225	0,5	1 992	0,4	-10,5
Басқа кредиторлық берешек	4 875	1,1	4 843	0,9	-0,6
Басқа міндеттемелер	19 391	4,2	28 135	5,5	45,1
Міндеттемелердің барлығы	456 610	100,0	513 655	100,0	12,5


*сомасы аудиттелген деректер бойынша көрсетілген

1-график. Активтердің, меншікті капиталдың және сақтандыру резервтерінің динамикасы



IV. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫНЫҢ МЕНШІКТІ КАПИТАЛЫ

2-график. ҚР сақтандыру секторының балансы бойынша меншікті капиталының құрылымы




V. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫЛАРЫ

4-кесте. Сақтандыру сыйлықақыларының түсімі

Сақтандыру сыйлықақыларының түсімі	01.01.2017		01.01.2018		Өзгер., %-бен
	млн. теңге	жиын- тығында %-бен	млн. теңге	жиын- тығында %-бен	
Барлығы, оның ішінде:	356 904	100,0	370 174	100,0	3,72
Міндетті сақтандыру бойынша, оның ішінде:	90 633	25,4	96 783	26,1	6,79
көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі	47 519	13,3	49 468	13,4	4,10
қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыру	38 655	10,8	42 758	11,6	10,62
тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігі	1 887	0,5	1 948	0,5	3,24
міндетті сақтандырудың өзге сыныптары	2 573	0,7	2 609	0,7	1,39
Ерікті жеке сақтандыру, оның ішінде:	86 456	24,2	101 231	27,3	17,09
ауырған жағдайлардан сақтандыру	23 852	6,7	25 950	7,0	8,79
аннуитеттік сақтандыру	28 572	8,0	33 560	9,1	17,46
өмірді сақтандыру	27 167	7,6	32 645	8,8	20,17
жазатайым жағдайлардан сақтандыру	6 865	1,9	9 076	2,5	32,20
Ерікті мүліктік сақтандыру, оның ішінде:	179 814	50,4	172 159	46,5	-4,26
мүлікті сақтандыру	74 259	20,8	81 013	21,9	9,10
азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру	46 591	13,1	48 337	13,1	3,75
басқа қаржы шығындарынан сақтандыру	18 156	5,1	4 214	1,1	-76,79
автомобиль көлігін сақтандыру	17 177	4,8	17 116	4,6	-0,35
жүктерді сақтандыру	8 687	2,4	7 155	1,9	-17,64
ерікті мүліктік сақтандырудың басқа сыныптары	14 945	4,2	14 325	3,9	-4,14

*сомасы қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасын ескеріп, сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының бұзылуына байланысты шығыстар шегерілуімен көрсетілген

3-график. Токсан үшін сақтандыру сыйлықақыларының динамикасы




*сомасы қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасын ескеріп, сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының бұзылуына байланысты шығыстар шегерілуімен көрсетілген

5-кесте. Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсімі

Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсімі	01.01.2017		01.01.2018		Өзгер., %-бен
	млн. тенге	жиын-тығында %-бен	млн. тенге	жиын-тығында %-бен	
Сақтандыру салалары бойынша барлығы	356 904	100,0	370 174	100,0	3,7
Өмірді сақтандыру	55 739	15,6	66 205	17,9	18,78
Жалпы сақтандыру	301 165	84,4	303 969	82,1	0,93


*сомасы қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасын ескеріп, сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының бұзылуына байланысты шығыстар шегерілуімен көрсетілген

4-график. Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының динамикасы



*сомасы қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасын ескеріп, сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының бұзылуына байланысты шығыстар шегерілуімен көрсетілген

5-график. «Өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру сыйлықақылары түсімінің құрылымы, %



6-график. «Жалпы сақтандыру» саласы бойынша түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымы, %




VI. ҚАЙТА САҚТАНДЫРУ

6-кесте. Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының құрылымы және қайта сақтандырушының өтемдері

Сақтандыру сыйлықақылары	01.01.2017		01.01.2018		Өзгер., %-бен
	млн. теңге	%-бен	млн. теңге	%-бен	
Барлығы қайта сақтандыруға берілді, оның ішінде	131 580	100,0	129 737	100,0	-1,40
бейрезиденттерге	113 253	86,1	109 068	84,1	-3,70
резиденттерге	18 328	13,9	20 669	15,9	12,77
Қайта сақтандыру шарттары бойынша алынған тәуекелдер бойынша өтем, оның ішінде	15 916	100,0	7 915	100,0	-50,27
Бейрезиденттерден	11 983	75,3	5 831	73,7	-51,34
Резиденттерден	3 933	24,7	2 084	26,3	-47,02
Барлығы бейрезиденттерден қайта сақтандыруға қабылданды	15 674		17 664		12,70

7-график. Елдер бойынша қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының үлесі, %




VII. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІ

7-кесте. Сақтандыру төлемдерінің құрылымы

Сақтандыру төлемдері	01.01.17		01.01.18*		Өзгер., %-бен
	млн. теңге	жиын- тығында %-бен	млн. теңге	жиын- тығында %-бен	
Барлығы, оның ішінде:	82 949	100,0	73 094	100,0	-11,9
Міндетті сақтандыру бойынша, оның ішінде:	27 673	33,4	28 933	39,6	4,6
көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі	22 701	27,4	23 516	32,2	3,6
қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыру	4 570	5,5	5 251	7,2	14,9
өзге сыныптар	401	0,5	167	0,2	-58,4
Ерікті жеке сақтандыру, оның ішінде:	30 216	36,4	32 110	43,9	6,3
ауырған жағдайлардан сақтандыру	16 519	19,9	16 862	23,1	2,1
аннуитеттік сақтандыру	10 596	12,8	12 528	17,1	18,2
өмірді сақтандыру	2 278	2,7	2 045	2,8	-10,2
жазатайым жағдайлардан сақтандыру	823	1,0	675	0,9	-18,0
Ерікті мүліктік сақтандыру, оның ішінде:	25 060	30,2	12 051	16,5	-51,9
автомобиль көлігін сақтандыру	6 709	8,1	5 554	7,6	-17,2
өзге қаржы шығындарынан сақтандыру	399	0,5	9	0,0	-97,7
мүлікті сақтандыру	12 480	15,0	3 168	4,3	-74,6
азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру	1 108	1,3	745	1,0	-32,8


* сомасы қайта сақтандыруға қабылданған шарттар б-ша жүзеге асырылған сақт. төлемдері шегеріліп көрсетілген, - 15,6 млрд. теңге

8-график. Сақтандыру төлемдерінің динамикасы



* сомасы қайта сақтандыруға қабылданған шарттар б-ша жүзеге асырылған сақт. төлемдері шегеріліп көрсетілген

9-график. Сақтандыру төлемдерінің сақтандыру сыйлықақыларына арақатысы



*сақтандыру сыйлықақылары қайта сақтандыру шарттары б-ша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасын ескерумен көрсетілген
 **сақтандыру төлемдері қайта сақтандыруға қабылданған шарттар б-ша жүзеге асырылған сақт. төлемдері шегеріліп көрсетілген

VIII. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

8-кесте. Сақтандыру қайта сақтандыру ұйымдарының кірістері мен шығыстары

Кіріс пен шығыс	01.01.2017		01.01.2018		Өзгер., %-бен
	млн. тенге	%-бен	млн. тенге	%-бен	
Сақтандыру қызметінен түскен кірістер	243 559	81,5	269 104	80,5	10,5
Инвестициялық қызметтен түскен кірістер	52 120	17,5	62 736	18,8	20,4
Өзге кірістер	2 995	1,0	2 645	0,8	11,7
Кірістер жиынтығы	298 674	100,0	334 486	100,0	12,0
Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша таза шығыстар	76 076	35,1	76 232	28,5	0,2
Сақтандыру қызметі бойынша комиссиялық сыйақы төлеу шығыстары	38 794	17,9	47 841	17,9	23,3
Жалпы және әкімшілік шығыстар	64 730	29,8	68 964	25,8	6,5
Өзге шығыстар	113 458	52,3	150 686	56,3	32,8
Шығыстардың жиынтығы	216 982	100,0	267 491	100,0	23,3
Корпоративтік табыс салығын төлегенге дейінгі таза пайда (шығын)	81 692		66 995		18,0
Корпоративтік табыс салығы	13 633		9 767		28,4
Салық төлегеннен кейінгі таза пайда (шығын) жиынтығы	68 059		57 228		15,9

IX. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫНЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛУЫ

9-кесте. Сақтандыру секторының макроэкономикалық көрсеткіштері

Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері	01.01.2017	01.01.2018
ЖІӨ, млрд. теңгемен ¹	46 971,2	51 855,3
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,82	1,79
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,85	0,80
Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,76	0,71
Сақтандыру сыйлықақыларының жан басына шаққандағы қатынасы, теңгемен ²	20 103,6	20 387,3

10-кесте. Сақтандыру секторының шоғырлануы, %

Сақтандыру нарығының жиынтық көрсеткіштерінен үлесі, %	01.01.2017	01.01.2018
Бірінші ондықтағы сақтандыру компанияларының активтері	74,2	75,4
Бірінші ондықтағы сақтандыру компанияларының меншікті капиталы	76,4	76,6
Бірінші ондықтағы сақтандыру компанияларының сақтандыру сыйлықақылары	56,3	59,9
Бірінші ондықтағы сақтандыру компанияларының сақтандыру төлемдері	53,9	57,3

X. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ БРОКЕРЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІ

Сақтандыру брокерлері **активтерінің** жиынтық көлемі 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 5 670,3 млн. теңге болды, бұл 2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ұқсас көрсеткіштен 9% кем (6 194,6 млн. теңге).

Сақтандыру брокерлерінің **міндеттемелері** 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 3 326,9 млн. теңге болды, бұл 2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ұқсас көрсеткіштен 14% кем (3 790,1 млн. теңге).

Сақтандыру брокерлерінің жиынтық **меншікті капиталы** 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 2 343,4 млн. теңге болды, бұл 2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ұқсас көрсеткіштен 3% кем (2 404,5 млн. теңге).

¹ Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша

² Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша 01.01.2018 ж. ҚР халқының саны 18 157,1 мың адам болды.